

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2021 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 843 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 8034 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағы 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" ( нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұйым жұмысшыларының тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған, немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2021 жылға арналған жұмыс орындарына квота осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Ұйым жұмысшыларының тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2021 жылға арналған жұмыс орындарына квота осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Ұйым жұмысшыларының тізімдік санынан бір пайыз мөлшерінде пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2021 жылға арналған жұмыс орындарына квота, осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

4. "Риддер қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде Риддер қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялануы үшін олардың көшірмелерінің жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Риддер қаласының әкімінің интернет – ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

5. Риддер қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 356 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2020 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7195 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің Эталондық бақылау банкіне 2020 жылғы 24 маусымында электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Риддер қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Нужныхқа жүктелсін.

7. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Риддер қаласының әкімі*

*Д. Горьковой*

Риддер қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы "23" желтоқсандағы  
№ 843 қаулысына 1 қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған, немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін 2021 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленетін ұйымдардың тізбесі**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны (адам)
1.	"Гемма" Өндірістік-сауда фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	146	1%	1
2.	"Фирма Эталон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	107	1%	1

3.	"Пихта орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	50	1%	1
	Барлығы:	303		3

Риддер қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы "23" желтоқсандағы  
№ 843 қаулысына 2 қосымша

### **Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2021 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленетін ұйымдардың тізбесі**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны (адам)
1.	Риддер қаласы әкімдігінің "Водоканал" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	203	1%	2
2.	"Успех-Восток" Корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	178	1%	2
3.	"Тексти-Лайн Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	220	1%	2
4.	"Service Line" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	249	1%	2
5.	"Гемма" Өндірістік-сауда фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	146	1%	1
6.	"Риддер ТЭЦ" акционерлік қоғамы	276	1%	3
7.	"Фирма Эталон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	107	1%	1
8.	"Волна" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	90	1%	1
9.	"Л-ТВК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	136	1%	1
10	"Восток Строй Капитал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	170	1%	2
11	"Риддер геологиялық барлау кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестік филиалы	62	1%	1
12	"ЛК-ГЭС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы	144	1%	1
	Барлығы:	1981		19

Риддер қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы "23" желтоқсандағы  
№ 843 қаулысына 3 қосымша

### **Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2021 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленетін ұйымдардың тізбесі**

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны (адам)

1.	Риддер қаласы әкімдігінің "Водоканал" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	203	1%	2
2.	"Успех-Восток" Корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	178	1%	2
3.	"Тексти-Лайн Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	220	1%	2
4.	"Service Line" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	249	1%	2
5.	"Гемма" Өндірістік-сауда фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	146	1%	1
6.	"Риддер ТЭЦ" акционерлік қоғамы	276	1%	3
7.	"Фирма Эталон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	107	1%	1
8.	"Волна" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	90	1%	1
9.	"Л-ТВК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	136	1%	1
10	"Восток Строй Капитал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	170	1%	2
11	"Риддер геологиялық барлау кәсіпорны" жауапкершілігі шектеулі серіктестік филиалы	62	1%	1
12	"ЛК-ГЭС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы	144	1%	1
	Барлығы:	1981		19